1. Индикатор туралы ақпарат	
Мақсат	Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету
Міндет	2030 жылға қарай жағдайы төмен тұлғалардың, әйелдердің, балалардың, мүгедектердің және қарт адамдардың қажеттіліктеріне баса назар аудара отырып, жол қозғалысының қауіпсіздігін, атап айтқанда қоғамдық көлікті пайдалануды кеңейту негізінде барлығының қауіпсіз, қымбат емес, қолжетімді және экологиялық орнықты көлік құралдарын пайдалануын қамтамасыз ету
Көрсеткіш	Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңыздағы жолдар үлесі
2. Ұйым туралы ақпарат	
Ұйым	Жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі
3. Анықтамалар мен ұғымдар	
Анықтамасы	Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 245 «Автомобиль жолдары туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының жолдары жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, сондай-ақ елді мекендердің көшелері болып бөлінеді. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары өздерінің маңызы бойынша халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жолдар болып бөлінеді. ҚР ҚМ автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүргізеді, бұл халықаралық және Республикалық маңызы бар жолдарды салу, реконструкциялау, жөндеу, күтіп-ұстау, диагностикалау, паспорттау және аспаптық зерттеп-қарау жөніндегі жұмыстарды іске асыру және қаржыландыру қағидаларын әзірлеуді және бекітуді білдіреді. Облыстық және аудандық маңызы бар жолдар бойынша ҚР ҚМ «ҚР Бюджет кодексіне» сәйкес жолдарды салуға, қайта жаңартуға және жөндеуге нысаналы трансферттер бөледі. Министрлік елді мекендердің көшелері бойынша Республикалық маңызы бар қалаларда (Астана, Алматы және Шымкент) жаңа жолдар салуға ғана нысаналы трансферттер бөледі.
Негізгі түсініктер:	2025 жылдың қорытындысы бойынша облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесін 95% - ға жеткізу.
Негіздеу және түсіндіру	Бұл көрсеткіш инфрақұрылымды дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында қарастырылған.

4. Мәліметтер көздері және жинау әдістері	
Деректер көздері	Облыстардың әкімдіктері жыл қорытындысы бойынша ҚР КМ-ге облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі бойынша ақпарат ұсынады.
Мәліметтерді жинау әдістері	Көрсеткіш облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың ұзындығымен есептеледі, 2020 жылы облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың ұзындығы 70,9 мың км құрайды, оның 71% жақсы және қанағаттанарлық жағдайда.
Өлшем бірлігі	Пайыз
Мерзімділігі	Жыл сайын
5. Есептеу әдісі және басқа да әдістемелік ойлар	
Есептеу әдісі:	Көрсеткіш облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың ұзындығымен есептеледі, 2020 жылы облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың ұзындығы 70,9 мың км құрайды, оның 71% жақсы және қанағаттанарлық жағдайда.
Пікірлер мен шектеулер:	
6. Деректердің қол жетімділігі және бөлінуі	
Деректердің қол жетімділігі және олқылықтар:	Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 245 «Автомобиль жолдары туралы» Заңына сәйкес автомобиль жолдары жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары, шаруашылық автомобиль жолдары, сондай-ақ елді мекендердің көшелері болып бөлінеді. Өз кезегінде, елді мекендердің көшелері қала әкімдіктерінің және Министрліктің коммуналдық меншігі болып табылады, олар бойынша жұмыстар қаржыландырылады және жүргізілмейді.
Бөлу деңгейі:	Аймақтар
7. Халықаралық деректермен / стандарттармен салыстыру	-
8. Сілтемелер мен құжаттама	-